

**БD080100 - «Агрономия» мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Абсатова Ботагөз
 Алияқбаровнаның «Оңтүстік Қазақстанның тәлімі жерлерінде өсірілген ескі
 жоңышқалықтың өнімділігін «жасыл технологияны» қолдану арқылы арттыру»
 тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
 ресми рецензенттің пікірі**

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) <u>диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</u> 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс келесі ғылыми-техникалық бағдарламалар аясында жүргізілген: Қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс Агроөнеркәсіп кешенінде 2018–2020 жылдары орындалған ғылыми зерттеу жобасы аясында «Батыс және Солтүстік Қазақстан жағдайында өнімділігі жоғары жайылымдық алқаптарды құру және оларды тиімді пайдалану» тақырыбында жүргізілген. Мемлекеттік тіркеу номері 0118РК01278, жеке тіркеу номері BR 06249365.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған.</u>	Жұмыс аграрлық ғылымға өз үлесін қосады және оның маңыздылығы толыққанды ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Докторанттың диссертациялық жұмысы жоғары деңгейде, орындалған және өзіндік еңбегі екендігі айқын көрінеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген;</u> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген;	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген. Ғылыми жұмыс агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жемшөп дақылдарының үлес салмағын ұлғайта отырып, егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыруға, тұқым шаруашылығын дамытуға, сондай-ақ оларды күтіп баптаудың жаңа технологиялық

			әдістерін әзірлеуге және таратуға негізделген. Олар жемшөп өндірісін ұлғайтудың және олардың сапасын арттырудың, сондай-ақ топырақ құнарлылығын қалпына келтірудің негізгі жүйесі болып саналады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Жұмыс жинақталған деректердің айтарлықтай көлемімен ерекшеленеді, бұл қорытындылардың сенімділігін растайды.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеуге қойылған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді және нақты орындалған. Зерттеу нәтижелері ғылыми негізделіп, өндірісте қолдану үшін нақты ұсыныстар берілген.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациядағы барлық бөлімдер мен құрылымдар бір – бірімен логикалық тұрғыда толық байланысқан. Зерттеу жұмысының тараулары бір-бірімен толықтырылып, нақты бір логикалық жүйеге келтірілген және еңбектің мақсатына жету үшін өзара толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырып бағалаған, сыни талдау бар.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу барысында жинақталған ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияда жасалынған қорытындылар толығымен жаңа

		<p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>және Қазақстанның Оңтүстік өңіріндегі тәлімі жерлерде алғаш рет «жасыл» технологияны қолдану арқылы түп саны сиреп кеткен ескі жоңышқалықтың тұқым өнімділігін арттыру мен қатар ерте көктемде ескі жоңышқалықты жеңіл өңдеп түп саны сиреген танапқа жаздық арпа, мақсары, судан шөбін егіп көкбалауса мен шөп өнімділік құрылымына әсері зерттелініп зерделенді. Қолданылған өскін үдеткіші мен микротыңайтқыштың және жеңіл өңдеу технологиясының алынған өнім көрсеткіші мен сапалық құрылымына әсері анықталып дәлелденген.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген болып табылады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Ғылыми жұмыстың қорытындысы сенімді ғылыми нәтижелерге негізделіп, дәлелденген. Автордың тұжырымдамасын растайды.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>;</p>	<p>7.1 Диссертациядағы қорғауға шығарылған қағидат ғылыми жұмыс нәтижелерімен дәлелденген. 7.2 Ғылыми жұмыста тривиальдік элементтер жоқ. 7.3 Негізгі қорғалатын қағидаттар жаңа болып табылады. 7.4 Ғылыми жұмыстың қолдану аясы кең. 7.5 Жұмыстың негізгі нәтижелері баспада жарияланған ғылыми мақалалармен дәлелденген.</p>


		<p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u>;</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда мақалада ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістемені таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Иә. Зерттеу жұмыстарына әдіснама нақты жазылған, нәтижесінде алға қойылған мақсат, міндеттер орындалған.</p> <p>Иә. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланып жасалынған.</p> <p>Иә. Теориялық қорытындылар, ұсыныстар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар зертханалық және егістік жағдайындағы далалық тәжірибелік ғылыми жұмыстармен дәлелденген.</p>

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтімілермен расталған /ішінара расталған/ расталмаған.	Зерттеудегі мәлімдемелер нақты ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/ жеткіліксіз.	Диссертациядағы әдебиеттер тізімі 138 дереккөзден тұрады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9.	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Бар. Диссертация теориялық маңызды болып табылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ.	Иә. Диссертацияның практикалық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелері өндірісте сұранысқа ие.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу нәтижелері бойынша берілген ұсыныстар толығымен жаңа.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ғылыми зерттеу жұмысының академиялық жазу сапасы жоғары. Орындалған диссертациялық жұмыс ғылыми дәрежелерді беру Ережелеріне сай жазылған.
11.	Диссертацияға ескертулер	Зерттеу бөлімінде 3 тәжірибе нұсқасында тәлімі жерге жүргізілген зерттеу болғандықтан «Красноводападтық суармалы» сортынан басқа сорт таңдалғаны дұрыс болар еді.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді	Зерттеу тақырыбына сәйкес ғылыми деңгейі жоғары мақалалар жарияланған. Жұмыстың негізгі нәтижелері бойынша отандық және шетелдік басылымдарда 8 мақала түрінде жарық көрген: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда - 4 мақала, Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында және ғылыми журналдарда - 2 мақала, Scopus дерекқорына кіретін 2 мақала жарияланған. 1 өндіріске ұсыныс жарияланған. Жарияланған ғылыми мақалалар арқылы диссертация тақырыбын толық айқындап көрсете білген.	

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Абсатова Ботагоз Алиякбаровнаның 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Оңтүстік Қазақстанның тәлімі жерлерінде өсірілген ескі жоңышқалықтың өнімділігін «жасыл технологияны» қолдану арқылы арттыру» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Диссертациялық жұмысқа жоғары баға беруге болады, ал оның авторына 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынылады.
-----	---	---

Ресми рецензент:

«Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институты» ЖШС,
 ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
 профессор, ҚР ҰҒА академигі



Мейірман Ғ.Т.

Ғ.Т. Мейірманның қолын растаймын,

«Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институты» ЖШС-нің
 бас ғалым хатшысы



Баймагамбетова К.К.